

жоғары қойылуы, табиғат заңдылықтарын елемеу. XX ғасырда орын алған бұл оқиғалар адамзаттың өз қолымен жасаған экологиялық апаттың нақты мысалы болып қана қоймай, болашақ ұрпаққа маңызды сабақ қалдыруда.

Арал теңізінің тағдыры адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің қаншалықты нәзік екенін көрсетті. Өзендердің бұрылуы, мақта шаруашылығына судың шектен тыс пайдаланылуы теңіздің толықтай жойылуына әкелді: климат өзгерді, флора мен фауна жоғалды, халық денсаулығы күрт нашарлады, жаңа шөл - Аралқұм пайда болды. Бұл апат тек экологиялық емес, экономикалық, әлеуметтік және медициналық мәселе ретінде бүгінге дейін өзекті болып отыр. Дегенмен, Көкарал бөгетінің салынуы мен САРАТС жобасы сияқты бастамалар Аралды қалпына келтіруге болатынын дәлелдеп, үміт отын жақты. Солтүстік Аралдың қайта тірілуі - табиғатқа дұрыс бағытталған адам әрекетінің оң нәтиже бере алатынының айқын мысалы.

Ал Семей полигонының тарихы - ядролық қарудың күші мен оның адамзатқа тигізер зардабының символы. 40 жыл бойы жүргізілген ядролық сынақтар миллиондаған адамның денсаулығына зиян келтіріп, табиғатты қайтымсыз өзгеріске ұшыратты. Радиациялық уланудың әсерінен пайда болған аурулар, генетикалық мутациялар, күмбездей көтерілген жарылыстардың салдары бүгінгі күнге дейін сезіледі. Бұл қасірет ғылыми-техникалық жетістіктің адам өмірінен биік қойылуының қаншалықты қауіпті екенін дәлелдеп берді. Дегенмен, «Невада-Семей» қозғалысының құрылуы, халықтың белсенділігінің артуы және полигонның жабылуы - қоғамның күш біріктіргенде қандай тарихи шешімдер қабылдай алатынын көрсететін жарқын мысал.

Екі апат та - тарихи қателіктерді түсініп, оларды болашақта қайталамаудың маңызын көрсететін ескерту. Бұл мәселелерді зерттеу - тек өткенді еске алу емес, қазіргі және болашақ экологиялық қауіпсіздік стратегияларын әзірлеу үшін қажет міндет. Табиғат - шексіз ресурс емес, ал экологиялық тепе-теңдік - адамзат амандығының басты кепілі. Арал мен Семейдің тәжірибесі бізге табиғатты қорғаудың жаһандық деңгейде шешілуі тиіс ортақ мәселе екенін ұғындырады.

Қазақстан бүгінде экология саласында халықаралық бастамаларды қолдап, ядролық қарусыздану мен қоршаған ортаны қорғау жолында маңызды қадамдар жасап келеді. Бұл - өткеннің қасіретін ұмытпай, болашақ ұрпаққа қауіпсіз әлем қалдыруға бағытталған жауапкершілік. Сондықтан Арал теңізі мен Семей полигонының тарихы - тек қасірет шежіресі емес, сондай-ақ адамзаттың табиғатпен үйлесімді әрекет етуі қажет екенін дәлелдейтін тағылымды сабақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасенова, Т. Атом улаған дала. - Алматы, 2015. -370 б.
2. Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл. Құрастырған: З. Мұқанова, О. Кайсина, С. Саягуб. - Семей, 2021. -54 б.
3. Жумагулов, Б.У. Қызылорда облысы Арал ауданында экологиялық ахуалды жақсарту жолдары. - 2023. 42 б.
4. Қазақстан Республикасының Заңы. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы». - Астана, 1992. - 30 маусым.
5. Қалиева, А. Б., Әбдікалыкова, Г. М. Экологиялық дағдарыстардың халық денсаулығына әсері: әдістемелік құрал. - Алматы, 2018. - 124 б.

ЛЕВ ГУМИЛЕВТІҢ «КӨНЕ ТҮРІКТЕР» ЕҢБЕГІ: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ТАРИХЫ

Бегзатхан Ж.

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Химади М.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

meruert-kimadi@mail.ru

Қарағанды қ.

Лев Николаевич Гумилев - XX ғасырдың көрнекті ғалымы, тарихшы-этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын, парсы тілінен аудармашы.

Лев Гумилевтің «Көне түріктер» (орысша - «Древние тюрки») атты еңбегі VI-VIII ғасырлардағы Түрік қағанатының тарихына арналған. 1967 жылы жарық көрген бұл еңбек жалпы түрік халқының пайда болуынан бастап, дамуы мен ұлы мемлекетке айналуын, мәдениеті мен әдебиеті, діні, салт-санасын түгелімен қамтиды. Сонымен қатар, әскери-саяси құрылымы және Қытаймен, Иранмен,

Византиямен қарым-қатынасы жайлы ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады. Негізгі мазмұны келесідей тақырыптарды қамтиды: Түркі халқының пайда болуы және даму кезеңдері; Бірінші Түрік қағанатының (552-603) құрылуы, Бумын қағанның рөлі; Екінші (Шығыс) Түрік қағанатының (682-744) өрлеуі мен құлауы, Елтеріс, Білге қаған, Күлтегін мен Тоныккөк тұлғалары; Қытай деректеріне сүйенген талдаулар; Түріктердің көшпенді өркениет ретіндегі ерекшеліктері [1, 6 б.].

Біз бүгінгі мақаламызда Лев Гумилевтің «Көне түріктер» атты еңбегіндегі Шығыс Түрік қағанаты туралы маңызды тарихи мәліметтерге тоқталамыз. Онда қағанаттың құрылуы, дамуы, саяси құрылымы мен тарихи маңызын жан-жақты сипатталады.

Шығыс Түрік қағанаты - Орта Азия тарихының ең маңызды кезеңдерінің бірі, түркі халықтарының мемлекеттік жүйесінің қалыптасуына негіз болған ұлы мемлекет. VII-VIII ғасырларда Еуразия даласының саяси, мәдени және әскери дамуына зор ықпал еткен бұл қағанаттың күш-қуаты, дүние танымы, идеологиялық бағдарлары Тоныккөк, Білге қаған және Күлтегін сияқты тарихи тұлғалардың тасқа қашап қалдырған мәңгілік жазбаларында айқын көрініс тапқан. Орхон өзені бойынан табылған бұл жазбалар - түркі өркениетінің ең көне жазба ескерткіштері ғана емес, сонымен бірге мемлекеттілік, ерлік, бірлік, ел басқару мәселелерінің терең философиялық көрінісі. Тоныккөк жазуларында түркі халқының тәуелсіздікке жету жолындағы күресі, ел бірлігін сақтау, сыртқы жаудан қорғану, ақылмен ел басқару туралы бағалы ойлар кездеседі. Ол өз дәуірінің көреген кеңесшісі, стратегі және мемлекетшіл тұлғасы ретінде қағанаттың қайта жаңғыруына еңбек сіңіргенін айқын көрсетеді. Ал, Білге қаған жазбалары түркі халқының болашағы үшін «елдікті сақтау», «жерді аман ұстау», «балықтай бытыраған жұртты біріктіру» идеяларын алға тартады. Білге қаған халықтың әлауқатын көтеру, әділ билік орнату, татулықты нығайту сияқты мемлекеттің ұзақ уақыт өмір сүруіне қажетті қағидаларды дәріптейді. Осы жазбаларда бейнеленген оқиғалар мен ойлар - жай ғана тарихи дерек емес; олар түркі дүниесінің дүниетанымын, батырлық рухын, мемлекеттілік санасын терең танытатын рухани мұра. Шығыс Түрік қағанатының күшеюі мен құлдырауы туралы мәліметтер, билеушілердің елге деген жанашырлығы, халықтың бірліктің қадірін түсінуі - бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған құндылықтар. Сондықтан Тоныккөк пен Білге қаған жазбалары Шығыс Түрік қағанатының тарихын түсінудің, түркі әлемінің рухани тамырын танудың басты қайнар көздерінің бірі болып саналады [1, 32 б.]. Шығыс түрік қағанаты 603 жылы Түрік қағанаты ыдыраған соң пайда болған мемлекет. Алғашқыда ішкі алауыздықтан елдігінен айырылған Батыс және Шығыс түрік қағанатын басып алған Қытайды жаулаған тағаштық Таң империясы билеушісі Ли Ше Мин патшада ұлты түрік-тағаштық қолбасшының ұлы және Шығыс түрік қағанатының әскери қолбасшысы болып бастаған тарихи тұлға. Шығыс түрік қағанаты алауыздықты жақсы пайдаланған әскери беделі мықты Ли Шиминь Таң империясының билік басына келуі мен әскери тактикалық әдістерді жақсы пайдалануымен алғашқы нысана ретінде Шығыс түрік қағанатына жорықты 617-620 жылдары бастаған. Солтүстікте Тан империясымен шектесетін Шығыс Түрік қағанаты тонаушылық шабуылдар мен одан да күрделі әскери қақтығыстардың тұрақты қауіпін төндірді. 620 жылы билікке келген Сели (Хели), (С.Кляшторныйда - Ел қаған) [2, 4 б.] қаған 20-жылдардың екінші жартысында Ли Шимин империясына шабуылдарын күшейтті, бұл 626/627 жылдары Орталық Азиядағы күрт суықтан кейін (қуатты жанартау атқылауының салдарынан) болған терең экономикалық дағдарысқа байланысты болды. Қағанаттың көшпелі экономикасы күрт және ұзаққа созылған суыққа төтеп бере алмады, сондықтан шабуылдар мен әскери тонаудан түсетін кірістің әлдеқайда көп ағыны қажет болды. Дереккөздер қағанатта жыл сайын аштық орнағанын хабарлайды. Сели қаған салықтар мен алымдарды айтарлықтай арттырып, жыл сайын әскер жинап, Тан империясының аймақтарына басып кірді. Алайда, бұл мемлекетті экономикалық дағдарыстан құтқара алмады, одан кейін саяси тұрақсыздық пайда болды. Тұтас тайпалар қағанның билігінен бас тартты, тіпті Сели қағанның ең жақын тұлғалары (мысалы, Тули қаған) да Тан империясына қарай бет бұра бастады [3, 420 б.]. 630 жылға қарай Сели қаған Ли Шиминге әскери қауіп төндірмейтін болды, себебі оның негізгі күштері оны тастап кеткен және оның қол астында 10 000-нан астам сарбазы қалмаған. Бұл жағдайда солтүстік иеліктері де қалыптан тыс аяздарға байланысты экономикалық құлдырауға ұшыраған Ли Шимин мүмкіндікті пайдаланып, қағанатқа өлімге әкелетін соққы беруді шешті. Шығыс Түрік қағанатына шабуыл жасаудың ресми сылтауы Сели қағанның Ордос аймағын басқарған көтерілісші Лян Шидуға қолдау көрсетуі болды. 630 жылдың басында Ли Шиминнің әскері қағанатқа басып кіріп, Сели қағанның күштерін талқандады. Осыдан кейін Ли Шимин қағанаттың басына өзінің әскери губернаторын (Дудуды) тағайындауды шешіп, бұрын оған қосылған Тули қағанды жаңа губернатор етіп таңдады. Содан кейін ол Таң империясының заңдарын Шығыс түріктерге таратты. Сол жылдың көктемінде Шығыс Түрік руларының басшылары империялық сарайға келіп, Ли Шиминді Сели қағанның орнына өздерінің «Аспан қағаны» деп жариялады, содан кейін олар императордан оның мөрі басылған жарғылар алды. Ли Шимин 639 жылдың шілдесіне дейін Шығыс Түрік қағанатының қағаны болып

қалды, содан кейін ол бұл атақ Ашина Симоға берілді. Яғни айтқанда Ли Шиминь түріктердің тәңірісімін деп жариялады оны сайлаған түрік бектерінің әйелдері қытайлық ханшалар еді. 649 жылы Ли Шиминь патша Когуре патшалығына сәтсіз жорықтарынан бір көзінен айырылып ауыр күйзеліске ұшырап қайтыс болды. Қойға туған күн қозығада туып Батыс түрік қағанатынатыда 657-659 жылы Таң империясының ауыр соққысынан құлап батыс аумақ яғни Анси протектораты деп аталды. Шығыс түрік қағанатында 682-687 жылғы Таң империясына қарсы күресті Құтылық Елтеріс қаған бастап қариган, оғыз, кідән, ханзуларға-қытайларға (қытайларға, оғыздарға, хуригандарға, қырғыздарға, хятандар мен татабилерге) [2, 4 б.] ірілі ұсақты жорық ұйымдастырып оның 20 сында жеңіп бас көтеру арқылы Шығыс түрік қағанаты тәуелсіздігін қайта алып Көктүріктің тәуелсіздігі үшін жеке заңдар жинағын қалыптастырды. Шығыс түріктерінің ордасы Отукен қойнауы болып 687 жылы Елтеріс Құтылық Білге қаған деген лауазыммен билеуші атағын алды. 693 (691 ж.) жылы Құтылық қаған қайтыс болып оның орынна інісі Қапаған-Қабылан-Мочур-Моуел қаған отырды. Құтылықтың екі ұлы Арслан-Білге-Могулян мен Күлтегін-Инанч Апа Тархан Қапаған қаған тарапынан қудаланып елден уақытша қуылған. Көп ұзамай түріктер Линчжоуга шабуыл жасады. Он сегіз қытай қолбасшысы қағанды іздеуге аттанды, бірақ оны таба алмады. Сяо Гэ ақыры шекараны күзету үшін Шуофанда бекінді. Қидандардың көсемі Ли Цзинчжун империялық билікке қарсы көтеріліс жасады, ал қаған күтпеген жерден көтерілісті басуға ерікті болды. Ли Цзинчжун кенеттен қайтыс болды, ал қаған қидандарды оңай жеңді. Бірақ құжат әлі жіберіліп жатқанда, қаған өз әскерлерін қытайларға қарсы бұрып, Линчжоу мен Шанчжоуды тонап үлгерді. Ол жеңіліске ұшырағандықтан, одан әрі алға жылжымады. 697 жылы қаған бейбітшілік шарттарын ұсынды: 1. Ханшайым Ву оны асырап алды (Таң/Чжоудың үстемдігін мойындау), 2. оның қыздары империялық отбасы мүшелеріне тұрмысқа шықты, 3. Ордостағы алты аудандағы барлық түріктерді қағанның бақылауына көшірді, 4. 100 000 ху тары, 3000 бірлік ауылшаруашылық техникасы, бірнеше ондаған мың джин темір. Бас тартқан жағдайда хан соғыспен қорқытты. Ұзақ ойланғаннан кейін түріктер астық, темір және қол астындағы заттар берілді. Ван Ву Яньсю қызын жауынгер қағанға күйеуге беруге барды, оны шенеуніктердің егіншілік шеруімен сүйемелдеді. Бірақ Қапаған У үйімен емес, Таң Лимен бейбітшілік пен туыстықты қалайтынын мәлімдеді. Сондықтан қаған қытай делегациясын тұтқындады және өзін Таң әулетінің қорғаушысы деп жариялады. 699 жыл бойы қайта жанданған қағанатты құруға жұмсалды. Қаған өз жауынгерлерін ұлдарына бөліп, Орда штабын үнемі ауыстыруды бұйырды. Қаған мен оның ұлдарының тікелей бақылауында 60 000 жауынгер болды. 701 жылы қаған шекараны тонап, ірі қақтығыстардан аулақ болды. 702 жылы ол Бинчжоуды қоршауға алып, провинциядан 100 000 жылқыны тартып алды. Солтүстік әскерлер тобының қолбасшысы Сян Ван қағанға шабуыл жасауға батылы бармады. 703 жылы Мохэ Даган астанаға қағанның қызын Чжунцзунның ұлына үйлендіру туралы ұсынысын жеткізді. Танхань Іле императоры 1000 жылқы сыйлады, және мәселе шешілді деп саналды. 706 жылы қаған Қытайға тағы да шабуыл жасап, Минша шайқасында қытай әскерін талқандады. Түрік ауыр атты әскері қытай жаяу әскерін бұзып өтіп, шегініп бара жатқан әскерлерді қыра бастады. Түріктер бірнеше аймақты тонап, далаға оралды. Чжунцзун ұлы мен қағанның қызының некесін бұзып, Қапағанды өлтірген адамды бірінші дәрежелі ханзада ететінін мәлімдеді. 715 жылға қарай қағанат ыдырап кетті. Қаған көтерілістерді баса алмады. Шығыс Түркістандағы оның әскерлері толығымен жеңіліске ұшырады. Құтлұқтың ұлы және қағанның жиені, тамаша қолбасшы Күлтегін көтерілісшілердің көпшілігін жеңе алды, бірақ қаған оны қолбасшылықтан босатты [1, 31 б.].

Қапаған алғашқы Шығыс Түрік қағанатының құдыретті қағаны Хели (Ілік) тұсындағы түркілердің айбарлы мемлекеттігін қалпына келтірді. Оның әскерінің саны 400 мың адамға жетті. Тарихи деректерде Қапаған тақта отырған мезгілде «Қосыны Хели тұсындағы қосынның санына жетті. Жерінің аумағы он мыңдаған шақырымға созылды. Бодан елдердің бәрі дерлік оның әмірін қабылдады» делінеді. Қапаған Таң империясының орталық аймағына неше мәрте шаңды жорық жасап, Орта Азияны толық бақылауына алды. Түркі халқы мен мемлекетін дегеніне жеткізді. Орхон бойына Орда-балық сынды алып қала салды. Бүкіл дүниені уысында ұстаған алып ер 716 жылы жазда Тоғла өзені бойындағы байырқыларға жаза жорығын жасап, қайтар жолында жол тосқан қарақшылар тарапынан мерт болды [2, 4 б.].

716 жылы Қапаған қағанның қаза болуы және оғыздардың көтерілісі салдарынан пайда болған үкімет дағдарысы қағанатты ауыр жағдайға душар етті. Осы қиын жағдайдан мемлекетті Білге қаған мен інісі Күлтегін шығарды. Білге - Құтылықтың баласы, Күлтегіннің ағасы. Алғашында «тегін» лауазымында болған. Немере ағасы Қапағанға еріп, бірқатар жорықтарға қатысты. 14 жасында «Тардуш елінің шады» лауазымын алған. Қытай жазбаларына сүйенсек, Білге қаған 700 жылы - Таңғұтқа, 702-706 жылдары Қытайға, 709-713 жылдары батысқа жорық жасаған. Білге қаған Шығыс Түрік қағанатының тағына отырып, «қаған» лауазымын алады. Күлтегін қағанаттың сол қолының шады және бас қолбасшысы болып тағалайындалады. Тоныкөк 718 жылы мемлекеттік кеңесші

қызметін иеленеді. Білге қаған билік еткен тұста абыз Тоныкөкті Қытаймен бітім жасау мақсатында (722 жылы) елшілікке жібереді. Осының нәтижесінде 722 жылдан 741 жылға дейінгі 20 жыл бойы халық бейбіт өмір сүреді. Қытай императоры Сюань - Ұзун 727 жылы символикалық «сый» - түрік ставкасына 100 мың кип жібек жібереді. Бұл солтүстік шекарадағы Білге қаған ешқашан бұзбаған бейбіт өмір үшін жасалған жомарт сый еді. 731 жылы Күлтегін қайтыс болады. Чжан Цюй мен Лю Сян көңіл айту хатын әкелді. Император Күл-Тегинге ғибадатхана салуды, мүсін оюды және оның көптеген жеңістерінің жазбалары жазылған тақтайшаларды жасауды бұйырды. 730 жылы Танның кидандар мен татабтармен қарым-қатынасы нашарлады. Кидан ханы Кетуган (қытайша: Кетую түріктерге қосылды. 732 жылы қытай әскері кидандарды жеңіп, татабтарды жеңіп, Кетуганы қуып шығарды. 733 жылы Богу Кетугаға әскер берді, ол Тункер тауында 40 000 қытай мен татабақа қарсы шайқасты. Шайқас кезінде татабтар қашып кетті, ал қытайлар жеңіліске ұшырады. 30 000 қытай қаза тапты. Билік құрған кезінде белгісіз бір уақытта ол қызын Түргеш қағанына, бәлкім, Сұлуға, ал өз ұлын Түргеш қағанының қызына үйлендірді. Көп ұзамай ұйғырлар керуен жолын кесіп тастады. Көшпенділердің біріккен күштерін жеңу өте қиын болатыны анық болды [1, 32 б.]. Түркі ақсүйегі Мейлучо қағанды уландырды, алайда ол Мейлучо мен оның отбасын өлім жазасына кесуді бұйырды. Осылайша, 734 жылы, түрік күнтізбесінің 9-шы айының 26-шы күнінде Білге хан Богу қайтыс болды. Шығыс түрік қағанатында алауыздық орнап 734-739 және 742-744 жылдардағы азаматтық соғыстар мен басмылдармен тоғыз-оғыздар орданы басып алып Ойғыр немесе Ұйғыр қағанатын құрған болатын. Шығыс түрік қағанаты заманынан қалған түрлі аңыздар тараған Алтай қазақтарының арасында қалған. Олардың ішінде Хуршадтың қырық ері атты аңыз кеңінен танымалдыққа ие. Хуршад түрік ханзадасы қытайлық Таң әулетіне қарсы азаттық соғысын бастаған. Сатқындықтың кесірінен Хуршад қырық батырымен тұтқындалып император сарайына барғанда сарай зынданынан шығып сарай әскерін қырып императорды ауыр жаралап қырық батырымен бірге ерлік пен тауып Алтайдың қойнауларында аңыз болып ерліктің символы ретінде қалды.

Қоғамдық құрылысы.

Қаған - ең жоғары билеуші көк тәңірдің қызметшісі деп атаған.

Тегіндер - қағанның мұрагерлері

Шад - қағанат бөлігінің билеушісі

Ябғу - қағанның оң қолы кеңесшісі

Ашина - шато тайпасынан шыққан ақсүйек тайпасы қаған әулеті.

Түтік - тархан - әскери - әкімшілік лауазым

Қара - бұдұндар - қара халықтар.

Таттар - құлдар мен күндер.

Бектер - тайпа көсемдері

Қағанат екі қанаттан тұрған

Оң қанат/батыс/ - шад басқарған

Сол қанат/шығыс/ - ябғу басқарған [1, 33 б.].

Әскери ісі. Қағанат әскері екі қанаттан тұрды олар батыс және шығыс бөліктен оларды шад және ябғулар басқарып тікелей Күлтегін қолбасшыға бағынған. Күлтегіннің аңыз бойынша миллион әскері болған олар татабтардан, байырқулардан оғыз, қырғыз, ұйғыр, қарлұқ, түргеш тағы басқа сарбаздардан тұрған. Көшпелілер әсіресе, Қытай мен шайқасқанда атты әскерді жіберіп кейін тұзақпен көзбояушылық түрлі әдістер пайдаланған [1, 35 б.].

Шаруашылығы. Шығыс түрік қағанатында көбінесе жылқы шаруашылығына аса қатты мән берген. Өйткені жорықтарға шыққанда аттар тұралап қалмас үшін басты назарға қойған. Маусымдық жайылым жүйесі - қыстау - көктеу - жайлау - күзеу деп атаған. Алтайда темір өндіру қылыш қару жарақ пен ат әбзелдерді жасаған. Шығыс түрік қағанаты Ұлы жібек жолын бақылаған Иран, Соғды, Қытай мен сауда жасаған мал өнімдерін темір бұйымдарды экспорттап, жібек, асылтасты бұйымдарды, астықты сатып алған. Орхон өзені бойларында егіншілік пен айналысқан арпа, бидай, тары өсірген [1, 39 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы. «Білім», - 1994. - 480 б.
2. Қадашұлы Е. Шығыс Түрік қағандығы. - Орталық Қазақстан. - 2020. - 97 (22 838). - 4 б.
3. Исакова К.И., Оразаев С.Б. Л.Н.Гумилев және оның «Көне түріктер» еңбегі: тарихи маңызы. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. - 557 б.